

## 2020 - 2022 жылдарға арналған Павлодар қалалық бюджеті туралы

Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 442/61 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 26 желтоқсанда № 6684 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 75-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабы 4-тармағына сәйкес Павлодар қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2020 - 2022 жылдарға арналған Павлодар қалалық бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, соның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 110 927 368 мың теңге, соның ішінде:

салықтық түсімдер – 75 027 347 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 159 958 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 3 094 716 мың теңге;

трансферттер түсімі – 32 645 347 мың теңге;

2) шығындар – 124 262 842 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 7 600 мың теңге, соның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 7 828 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 228 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 512 013 мың теңге, соның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 512 013 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 13 855 087 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 13 855 087 мың теңге.

**Ескерту. 1 - тармақ жана редакцияда – Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 30.11.2020 № 539/72 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

2. 2020 жылға арналған Павлодар қалалық бюджетінде облыстық бюджетке 45 547 712 мың теңге сомасында бюджеттік алулар көзделгені ескерілсін.

3. 2020 - 2022 жылдарға арналған Павлодар қалалық бюджетінде кенттің, ауылдық округтің және кейбір ауылдардың бюджеттеріне Павлодар қалалық бюджетінен берілетін субвенциялардың көлемдері көзделсін, соның ішінде:

2020 жылға жалпы 829 468 мың теңге сомасында:

|                           |                    |
|---------------------------|--------------------|
| Павлодар ауылы –          | 176 191 мың теңге; |
| Жетекші ауылы –           | 84 281 мың теңге;  |
| Кенжекөл ауылдық округі – | 196 388 мың теңге; |
| Мойылды ауылы –           | 102 510 мың теңге; |
| Ленин кенті –             | 270 098 мың теңге. |

2021 жылға жалпы 755 352 мың теңге сомасында:

|                           |                    |
|---------------------------|--------------------|
| Павлодар ауылы –          | 161 331 мың теңге; |
| Жетекші ауылы –           | 72 633 мың теңге;  |
| Кенжекөл ауылдық округі – | 175 646 мың теңге; |
| Мойылды ауылы –           | 107 502 мың теңге; |
| Ленин кенті –             | 238 240 мың теңге. |

2022 жылға жалпы 772 677 мың теңге сомасында:

|                           |                    |
|---------------------------|--------------------|
| Павлодар ауылы –          | 164 976 мың теңге; |
| Жетекші ауылы –           | 74 818 мың теңге;  |
| Кенжекөл ауылдық округі – | 179 696 мың теңге; |
| Мойылды ауылы –           | 109 284 мың теңге; |
| Ленин кенті –             | 243 903 мың теңге. |

4. 2020 жылға арналған Павлодар қалалық бюджетін атқару үдерісінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

5. 2020 жылға арналған Павлодар қалалық бюджетінде кент, ауылдық округ және кейбір ауылдар бюджеттеріне жоғары тұрған бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер келесі көлемде қарастырылғаны ескерілсін:

Кенжекөл ауылдық округінде және Ленин кентінде оқушыларды тасымалдау үшін автобустар сатып алуға – 29 632 мың теңге;

мектепке дейінгі білім беру мемлекеттік ұйымдары педагогтарының еңбекақысын ұлғайтуға – 28 800 мың теңге;

мектепке дейінгі білім беру мемлекеттік ұйымдарының педагогтарына біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге – 3 493 мың теңге;

мәдениет ұйымдары және мұрағат мекемелерінің басқару және негізгі персоналының ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық жалақысына қосымша төлемақы белгілеуге – 6 766 мың теңге;

"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде Жетекші ауылындағы 6 көшенің жолдарын орташа жөндеуге – 72 701 мың теңге;

"Жұмыспен қамту жол картасы" жобасы шеңберінде Ленин кенті көшелерінің жолдарын орташа жөндеуге – 375 424 мың теңге.

Ескерту. 5 - тармақ жана редакцияда – Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 30.11.2020 № 539/72 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

6. 2020 жылға арналған қалалық бюджетте Павлодар қалалық бюджеттен кент, ауылдық округ және кейбір ауылдардың бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер келесі көлемдерде қарастырылғаны ескерілсін:

Ленин кентінде, Жетекші және Мойылды ауылдарында, Кенжекөл ауылдық округінде сумен жабдықтауды ұйымдастыруға – 17 985 мың теңге;

Кенжекөл ауылдық округінде, Жетекші, Мойылды, Павлодар ауылдарында балалар ойын алаңдарын сатып алуға және орнатуға – 23 353 мың теңге;

Кенжекөл ауылдық округінде, Жетекші және Мойылды ауылдарында көше тренажерларын орнатуға – 9 000 мың теңге;

Ленин кентінде, Жетекші, Мойылды ауылдарында киіз үйлерді сатып алуға – 9 000 мың теңге;

Ленин кентінде, Кенжекөл ауылдық округінде, Жетекші, Мойылды, Павлодар ауылдарында жолдарды қысқы күтіп ұстауға – 19 000 мың теңге;

Кенжекөл ауылдық округінде, Ленин кентінде, Жетекші және Павлодар ауылдарында автомобиль жолдарды күрделі және орташа жөндеуге, соның ішінде жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуге – 199 089 мың теңге;

пилоттық режимде әкімшілік мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы аударымдарымен төлеу жүйесін енгізуге байланысты еңбекақы төлеуге – 59 076 мың теңге;

Павлодар ауылында көше жарығының тіректерін орнатуға және көшелерді жарықтандыруға – 18 252 мың теңге;

Павлодар ауылында шағын-футбол алаңын орнатуға – 7 500 мың теңге;

Павлодар ауылының шекарасын бөлу және белгілеу үшін жер телімдерге құжаттарды ресімдеуге – 2 000 мың теңге;

Павлодар ауылы мен Мойылды ауылының материалдық – техникалық базасын нығайтуға – 1 625 мың теңге;

Ленин кентінде, Мойылды және Павлодар ауылдарында жем-шөп алқаптарды геоботаникалық зерттеу бойынша жобалық – іздестіру жұмыстарын жүргізуге – 2 025 мың теңге;

Павлодар ауылының және Кенжекөл ауылдық округінің санитариясын қамтамасыз етуге – 1 300 мың теңге;

Павлодар ауылын және Кенжекөл ауылдық округін абаттандыру мен көгалдандыруға – 5 652 мың теңге;

Мойылды ауылының және Кенжекөл ауылдық округінің кентішілік жолдарын орташа жөндеуге жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуге – 463 мың теңге;

Мойылды ауылы әкімінің аппараты үшін жиһаз сатып алуға – 500 мың теңге;

Мойылды және Жетекші ауылдарының, Кенжекөл ауылдық округінің әкімі аппаратының қызметін қамтамасыз етуге – 3 815 мың теңге;

Мойылды ауылында бейнебақылау жүйесін орнатуға – 2 928 мың теңге;

Кенжекөл ауылдық округіндегі № 20 сәбилер бақшасы ғимаратының жылуын ағымдағы жөндеуге – 6 002 мың теңге;

Кенжекөл ауылдық округінде балалар алаңдарын бөлшектеуге – 567 мың теңге;

Кенжекөл ауылдық округінде көшелерді жарықтандыруға және электр беру желілерін ағымдағы жөндеуге – 20 175 мың теңге;

Кенжекөл ауылдық округінде жер телімдерін ресімдеуге – 2 944 мың теңге;

Жетекші ауылының жер-шаруашылық есебінің жобасын әзірлеуге – 3 000 мың теңге;

Жетекші ауылында ауылдық қоқыс тастайтын жерге қоршау жасауға және орнатуға – 7 500 мың теңге;

Жетекші ауылындағы көшелерді жарықтандыруға – 16 074 мың теңге;

Павлодар ауылы мен Жетекші ауылына автомобиль жолдардың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге – 19 830 мың теңге;

Ленин кентінде және Мойылды ауылында электр энергиясын жеткізуге ақы төлеуге, сондай-ақ Ленин кентінде ведомстводан тыс сараптамадан өтумен көше жарығының электр жабдықтарын ағымдағы жөндеуге және жарықтандыруды орнату бойынша жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуге – 34 119 мың теңге;

Ленин кентіндегі мәдениет үйінің қызметін қамтамасыз етуге – 1 720 мың теңге;

Ленин кентінде зираттардың қоршауын орнату бойынша жұмыс жобасын әзірлеуге – 725 мың теңге;

Павлодар ауылы аумағының жер-шаруашылық орналастыру жобасын әзірлеуге – 1 120 мың теңге;

Павлодар ауылында аялдамалар сатып алуға – 1 880 мың теңге.

**Ескерту. 6 - тармақ жана редакцияда – Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 30.11.2020 № 539/72 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

7. Павлодар қаласы кентінің, ауылдық округтің және кейбір ауылдарының бюджеттеріне нысаналы трансферттердің көрсетілген сомасын үлестіру Павлодар қаласы әкімдігінің қаулысы негізінде анықталады.

8. Павлодар қаласы жергілікті атқарушы органының 2020 жылға арналған резерві 374 961 мың теңге сомасында бекітілсін.

**Ескерту. 8-тармақ жана редакцияда – Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 27.04.2020 № 462/64 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

9. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт,

ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандарға, сондай-ақ жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істейтін аталған мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер көзделсін.

10. Осы шешімнің орындалуын бақылау Павлодар қалалық мәслихаттың экономика және бюджет жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

11. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Павлодар қалалық

мәслихатының сессия төрағасы

Е. Абенов

Павлодар қалалық

мәслихатының хатшысы

З. Мукашева

Павлодар қалалық

мәслихатының 2019

жылғы 25 желтоқсандағы

№ 442/61 шешіміне

1-қосымша

## 2020 жылға арналған Павлодар қалалық бюджеті (өзгерістермен)

Ескерту. 1 - қосымша жана редакцияда – Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 30.11.2020 № 539/72 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

| Санаты      |    |   |                                                                 |           | Сомасы<br>( мың<br>теңге) |
|-------------|----|---|-----------------------------------------------------------------|-----------|---------------------------|
| Сыныбы      |    |   |                                                                 |           |                           |
| Кіші сыныбы |    |   |                                                                 |           |                           |
|             |    |   | Атауы                                                           |           |                           |
| 1           | 2  | 3 | 4                                                               | 5         |                           |
|             |    |   | 1. Кірістер                                                     | 110927368 |                           |
| 1           |    |   | Салықтық түсімдер                                               | 75027347  |                           |
|             | 01 |   | Табыс салығы                                                    | 16653494  |                           |
|             |    | 1 | Корпоративтік табыс салығы                                      | 6648946   |                           |
|             |    | 2 | Жеке табыс салығы                                               | 10004548  |                           |
|             | 03 |   | Әлеуметтік салық                                                | 7262205   |                           |
|             |    | 1 | Әлеуметтік салық                                                | 7262205   |                           |
|             | 04 |   | Меншікке салынатын салықтар                                     | 6489786   |                           |
|             |    | 1 | Мүлікке салынатын салықтар                                      | 4999772   |                           |
|             |    | 3 | Жер салығы                                                      | 594234    |                           |
|             |    | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық                               | 895780    |                           |
|             | 05 |   | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 44168660  |                           |
|             |    |   |                                                                 |           |                           |

|         |   |                                                                                                                                                                          |          |
|---------|---|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|
|         | 2 | Акциздер                                                                                                                                                                 | 42994103 |
|         | 3 | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер                                                                                                      | 672867   |
|         | 4 | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар                                                                                                        | 501690   |
| 08      |   | Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер | 453202   |
|         | 1 | Мемлекеттік баж                                                                                                                                                          | 453202   |
| 2       |   | Салықтық емес түсімдер                                                                                                                                                   | 159958   |
| 1 2 3 4 |   |                                                                                                                                                                          | 5        |
| 01      |   | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер                                                                                                                                   | 88825    |
|         | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер                                                                                                             | 88000    |
|         | 9 | Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер                                                                                                                            | 825      |
| 06      |   | Басқа да салықтық емес түсімдер                                                                                                                                          | 71133    |
|         | 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер                                                                                                                                          | 71133    |
| 3       |   | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер                                                                                                                               | 3094716  |
| 01      |   | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату                                                                                                              | 2802716  |
|         | 1 | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату                                                                                                              | 2802716  |
| 03      |   | Жерді және материалдық емес активтерді сату                                                                                                                              | 292000   |
|         | 1 | Жерді сату                                                                                                                                                               | 200000   |
|         | 2 | Материалдық емес активтерді сату                                                                                                                                         | 92000    |
| 4       |   | Трансферттердің түсімдері                                                                                                                                                | 32645347 |
| 02      |   | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер                                                                                                   | 32645347 |
|         | 2 | Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер                                                                                                                                  | 32645347 |

|                                     |   |     |     |                                                                                           |                    |
|-------------------------------------|---|-----|-----|-------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------|
| Функционалдық топ                   |   |     |     |                                                                                           | Сомасы (мың теңге) |
| Кіші функция                        |   |     |     |                                                                                           |                    |
| Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі |   |     |     |                                                                                           |                    |
| Бағдарлама                          |   |     |     |                                                                                           |                    |
| Атауы                               |   |     |     |                                                                                           |                    |
| 1                                   | 2 | 3   | 4   | 5                                                                                         | 6                  |
|                                     |   |     |     | 2. Шығындар                                                                               | 124262842          |
| 01                                  |   |     |     | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер                                                     | 2733335            |
|                                     | 1 |     |     | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 508226             |
|                                     |   | 112 |     | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты                                    | 30111              |
|                                     |   |     | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 27873              |
|                                     |   |     | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                    | 2238               |
|                                     |   | 122 |     | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты                                        | 478115             |
|                                     |   |     | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер     | 378945             |
|                                     |   |     | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                    | 8857               |
|                                     |   |     | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер                       | 90313              |

|    |   |     |     |                                                                                                                                                                  |         |
|----|---|-----|-----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------|
|    | 2 |     |     | Қаржылық қызмет                                                                                                                                                  | 290233  |
|    |   | 452 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі                                                                                                              | 260720  |
|    |   |     | 001 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер        | 178974  |
|    |   |     | 003 | Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу                                                                                                                  | 15098   |
|    |   |     | 010 | Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу                                              | 62946   |
|    |   |     | 018 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                           | 3702    |
| 1  | 2 | 3   | 4   | 5                                                                                                                                                                | 6       |
|    |   | 805 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік сатып алу бөлімі                                                                                              | 29513   |
|    |   |     | 001 | Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                        | 29513   |
|    | 5 |     |     | Жоспарлау және статистикалық қызмет                                                                                                                              | 82492   |
|    |   | 453 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі                                                                                 | 82492   |
|    |   |     | 001 | Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                    | 81557   |
|    |   |     | 004 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                           | 935     |
|    | 9 |     |     | Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер                                                                                                                    | 1852384 |
|    |   | 454 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі                                                                                  | 52328   |
|    |   |     | 001 | Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                  | 52328   |
|    |   | 458 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі                                       | 1800056 |
|    |   |     | 001 | Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 936147  |
|    |   |     | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары                                                                                  | 15600   |
|    |   |     | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер                                                                                              | 848309  |
| 02 |   |     |     | Қорғаныс                                                                                                                                                         | 83540   |
|    | 1 |     |     | Әскери мұқтаждар                                                                                                                                                 | 83460   |
| 1  | 2 | 3   | 4   | 5                                                                                                                                                                | 6       |
|    |   | 122 |     | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты                                                                                                               | 83460   |
|    |   |     | 005 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар                                                                                                    | 83460   |
|    | 2 |     |     | Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру                                                                                                               | 80      |
|    |   | 122 |     | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты                                                                                                               | 80      |
|    |   |     | 006 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою                                                                      | 80      |
| 03 |   |     |     | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі                                                                                            | 239366  |
|    | 9 |     |     | Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер                                                                                                  | 239366  |
|    |   | 458 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі                                       | 190233  |

|    |   |     |     |                                                                                                                                                                                       |          |
|----|---|-----|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|
|    |   |     | 021 | Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету                                                                                                                            | 190233   |
|    |   | 499 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі                                                                                                          | 49133    |
|    |   |     | 001 | Жергілікті деңгейде азаматтық хал актілерін тіркеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                    | 49133    |
| 04 |   |     |     | Білім беру                                                                                                                                                                            | 30751656 |
|    | 1 |     |     | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту                                                                                                                                                    | 7346672  |
|    |   | 464 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі                                                                                                                                   | 7039463  |
|    |   |     | 009 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету                                                                                                                 | 4427432  |
|    |   |     | 040 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға                                                                                                | 2612031  |
|    |   | 467 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі                                                                                                                                 | 307209   |
|    |   |     | 037 | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау                                                                                                            | 307209   |
| 1  | 2 | 3   | 4   | 5                                                                                                                                                                                     | 6        |
|    | 2 |     |     | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру                                                                                                                                     | 21048490 |
|    |   | 464 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі                                                                                                                                   | 16967298 |
|    |   |     | 003 | Жалпы білім беру                                                                                                                                                                      | 15909472 |
|    |   |     | 006 | Балаларға қосымша білім беру                                                                                                                                                          | 1057826  |
|    |   | 465 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі                                                                                                               | 666963   |
|    |   |     | 017 | Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру                                                                                                                          | 666963   |
|    |   | 467 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі                                                                                                                                 | 3414229  |
|    |   |     | 024 | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау                                                                                             | 3414229  |
|    | 9 |     |     | Білім беру саласындағы өзге де қызметтер                                                                                                                                              | 2356494  |
|    |   | 464 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі                                                                                                                                   | 2356494  |
|    |   |     | 001 | Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                        | 100186   |
|    |   |     | 005 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу                                          | 447371   |
|    |   |     | 007 | Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу                                                                                             | 31422    |
|    |   |     | 015 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі                | 147510   |
|    |   |     | 022 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер | 2876     |
|    |   |     | 023 | Әдістемелік жұмыс                                                                                                                                                                     | 31471    |
| 1  | 2 | 3   | 4   | 5                                                                                                                                                                                     | 6        |
|    |   |     | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары                                                                                                       | 1527731  |
|    |   |     | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер                                                                                                                   | 67927    |
| 06 |   |     |     | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру                                                                                                                                        | 4644992  |
|    | 1 |     |     | Әлеуметтік қамсыздандыру                                                                                                                                                              | 1204097  |



|   |   |   |     |                                                                                                                                                                                                                                                               |         |
|---|---|---|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------|
|   |   |   | 451 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі                                                                                                                                                                    | 1180911 |
|   |   |   | 005 | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек                                                                                                                                                                                                                           | 1180911 |
|   |   |   | 464 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі                                                                                                                                                                                                           | 23186   |
|   |   |   | 030 | Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу                                                                                                                                                                                                | 23186   |
| 2 |   |   |     | Әлеуметтік көмек                                                                                                                                                                                                                                              | 2813521 |
|   |   |   | 451 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі                                                                                                                                                                    | 2468913 |
|   |   |   | 002 | Жұмыспен қамту бағдарламасы                                                                                                                                                                                                                                   | 633194  |
|   |   |   | 004 | Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету                                           | 4902    |
|   |   |   | 006 | Тұрғын үйге көмек көрсету                                                                                                                                                                                                                                     | 13763   |
|   |   |   | 007 | Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек                                                                                                                                                       | 483881  |
|   |   |   | 010 | Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету                                                                                                                                                                                     | 17409   |
|   |   |   | 013 | Белгіленген тұрғылықты жері жоқ тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу                                                                                                                                                                                                | 119225  |
|   |   |   | 014 | Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету                                                                                                                                                                                                              | 238060  |
| 1 | 2 | 3 | 4   | 5                                                                                                                                                                                                                                                             | 6       |
|   |   |   | 017 | Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну | 880286  |
|   |   |   | 023 | Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету                                                                                                                                                                                                         | 78193   |
|   |   |   | 458 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі                                                                                                                                    | 343534  |
|   |   |   | 068 | Жергілікті өкілдік органдардың шешімі бойынша қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен, тегін жол жүру түрінде азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қолдау                                                                               | 343534  |
|   |   |   | 464 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі                                                                                                                                                                                                           | 1074    |
|   |   |   | 008 | Жергілікті өкілдік органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау                                                  | 1074    |
| 9 |   |   |     | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер                                                                                                                                                                               | 627374  |
|   |   |   | 451 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі                                                                                                                                                                    | 627374  |
|   |   |   | 001 | Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                        | 149600  |
|   |   |   | 011 | Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу                                                                                                                                                   | 4466    |
| 1 | 2 | 3 | 4   | 5                                                                                                                                                                                                                                                             | 6       |
|   |   |   |     |                                                                                                                                                                                                                                                               |         |

|    |   |     |     |                                                                                                                                                                                                                  |          |
|----|---|-----|-----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|
|    |   |     | 028 | Күш көрсету немесе күш көрсету қаупі салдарынан қиын жағдайларға тап болған тәуекелдер тобындағы адамдарға қызметтер                                                                                             | 73748    |
|    |   |     | 054 | Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру                                                                                                                                           | 292239   |
|    |   |     | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары                                                                                                                                  | 15880    |
|    |   |     | 094 | Әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификаттарын беру                                                                                                                                                          | 91326    |
|    |   |     | 097 | Сенім білдірілген агенттің тұрғын үй сертификаттарын беру бойынша (бюджеттік кредит түріндегі әлеуметтік қолдау) қызметтеріне ақы төлеу                                                                          | 115      |
| 07 |   |     |     | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық                                                                                                                                                                                 | 28822294 |
|    | 1 |     |     | Тұрғын үй шаруашылығы                                                                                                                                                                                            | 19681747 |
|    |   | 458 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі                                                                                       | 220130   |
|    |   |     | 003 | Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру                                                                                                                                                                 | 1851     |
|    |   |     | 004 | Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету                                                                                                                                                    | 218279   |
|    |   | 463 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі                                                                                                                                                    | 248507   |
|    |   |     | 016 | Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алу                                                                                                                                                                        | 248507   |
|    |   | 467 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі                                                                                                                                                            | 18506076 |
|    |   |     | 003 | Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау                                                                                                                           | 14310074 |
|    |   |     | 004 | Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру                                                                                                                               | 2806651  |
| 1  | 2 | 3   | 4   | 5                                                                                                                                                                                                                | 6        |
|    |   |     | 090 | Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қызметтік тұрғын үй, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды сатып алу | 806951   |
|    |   |     | 098 | Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу                                                                                                                                                           | 582400   |
|    |   | 479 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй инспекциясы бөлімі                                                                                                                                              | 707034   |
|    |   |     | 001 | Жергілікті деңгейде тұрғын үй қоры саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                                               | 51898    |
|    |   |     | 005 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                                                                           | 446      |
|    |   |     | 070 | Қазақстан Республикасында төтенше жағдай режимінде коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша халықтың төлемдерін өтеу                                                                                            | 654690   |
|    | 2 |     |     | Коммуналдық шаруашылық                                                                                                                                                                                           | 4696015  |
|    |   | 458 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі                                                                                       | 3374888  |
|    |   |     | 012 | Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі                                                                                                                                                              | 1547     |
|    |   |     | 026 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру                                                                                                             | 75       |
